

ӨОЖ: 811.512.122>35:340.
FTAMP 10.01.33

ЗАҢ МӘТІНДЕРІНІҢ СИНТАКСИСТІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Жантас Алтаевич Жакупов

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тілі білімі кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының бас ғылыми қызметкері; Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: zhan.zhak58@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8141-5501>; Researcher ID WOS: P-1637-2014

Болат Кенелұлы Сыздық¹

Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының басшысы; Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: syzdyk@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8541-7790>; Scopus Author ID: 57191857471

Аннотация. Мақала заң техникасының лингвистикалық тәсілдерін талдауға арналған. Заң техникасымен тіл білімінде заңгерлік тіл білімі айналысады. Қазақстанда заңгерлік тіл білімінен сот сараптамасының тәжірибелері ғана бар. Ал заңгерлік тіл білімінде мемлекеттік тіл әлі де нысанға іліккен жоқ.

Заң техникасында заң мәтіні күрделі синтаксистік бүтін түрінде болатыны туралы пікір қалыптасқан. Қазақстандағы мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерінің пішімдемесі – период деген синтаксистік-стильдік айшықпен сәйкеседі. Сондықтан периодтың лингвистикалық ерекшеліктерін көрсетудің маңызы зор. Период жай сөйлем түрінде де, құрмалас сөйлем түрінде де түзіледі. Заң мәтіндерінің өзі де периодқа құрылады.

Период әдеби тілдің стильдерінің бәрінде де қолданылады. Солардың ішінде ресми-іскери стильде, заңгерлік мәтіндерде, тиімді әрі өте жиі қолданылатыны байқалады. Заң баптарының өзі периодта тақырыптық орында болып, ал оның бөлімдері баяншы қызметін атқарып тұрады. Бұл – бөлімдердің, тармақтардың санамаланып көрсетілуінен, санамаланған бөліктер тұтас бір синтаксистік бірліктің мүшелерінің қызметін атқарып тұратындығынан көрінеді.

Периодтың, оны құрастырушы сыңарлар протазис (тақырыпшы) пен аподазистің (баяншы) қазақ тіліндегі баламасы әлі орныққан жоқ.

Заң мәтіндеріндегі период айшығын пішімдеу жөнінде ұсыныс жасалды: тақырыпшы бөліктер аподазиспен тіркестіре жазылатындықтан, айрықшаланбай тұрады да, жалпы мәтіннің қабылдануын, прагматикасын қиындататыны, нақты айтқанда, оңай түсінуге кедергі келтіретіні байқалады. Сол себепті біз протазисті тиянақтайтын екінші жартысын санамаланған аподазистен кейін абзац қоймай-ақ жаңа жолдан бастап жазған жөн деп санаймыз. Сонда ол айрықшаланар еді, қабылдауы тез және жеңілдірек болар еді.

Түйінді сөздер: заң, заңнама, заң техникасы, мәтін, синтаксис, период, әдістер, тәсілдер.

СИНТАКСИЧЕСКАЯ ОСОБЕННОСТЬ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ТЕКСТОВ

Жакупов Жантас Алтаевич

Доктор филологических наук, профессор, профессор кафедры казахского языкознания ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, главный научный сотрудник Лингвистического центра Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: zhan.zhak58@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8141-5501>; Researcher ID WOS: P-1637-2014

¹ Хат-хабарларға арналған автор

Сыздық Болат Кенелұлы

Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, руководитель
Лингвистического центра Института законодательства и правовой информации
Республики Казахстан; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: syzdyk@gmail.com;
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8541-7790>; Scopus Author ID: 57191857471

Аннотация. Статья посвящена анализу лингвистических подходов юридической техники. В рамках языкознания юридической техникой занимается юридическая лингвистика. В казахстанской юридической лингвистике есть только опыт судебной экспертизы. А в юридической лингвистике государственный язык еще не стал объектом.

В юридической технике сложилось мнение, что текст закона имеет форму сложного синтаксического целого. Составление текстов законов на государственном языке совпадает с синтаксико-стилевой фигурой периода. Поэтому важно показать лингвистические особенности периода. Период формируется как в виде простого предложения, так и в виде сложноподчиненного предложения. В форме периода строятся и сами юридические тексты.

Период используется во всех стилях литературного языка. Среди них – эффективно и очень часто используется в официально-деловом стиле, в юридических текстах. Сами статьи закона в периоде функционируют как тема синтаксического единства, а их разделы и пункты – в качестве дополнений, конкретизации. Это выражается в перечислении обстоятельств в разделах, пунктах, в том, что перечисленные части выполняют функцию членов целого синтаксического единства.

Казахский эквивалент периода, его составителей протазиса (тақырыпшы) и аподазиса (баянышы) еще не утвердился.

Выдвинуто предложение о текстовом оформлении периода в юридических текстах: так как части протазиса пишутся в сочетании с аподазисом, то видно, что они усложняют восприятие, прагматику текста в целом, препятствуют, в частности, легкому пониманию. Поэтому мы считаем, что вторую половину протазиса лучше писать с новой строки, не вставляя абзац после перечисленного аподазиса. Тогда он был бы более заметным, его восприятие было бы быстрее и легче.

Ключевые слова: закон, законодательство, юридическая техника, текст, синтаксис, период, методы, приемы.

SYNTACTIC FEATURE OF LEGISLATIVE TEXTS**Zhakupov Zhantas Altayevich**

Doctor of Philology, Professor, Professor of the Department of Kazakh Linguistics at L.N. Gumilyov ENU, Chief Researcher at the Linguistic Center of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan; Astana c., Republic of Kazakhstan; e-mail: zhan.zhak58@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8141-5501>; Researcher ID WOS: P-1637-2014

Syzdyk Bolat Keneluly

Candidate of Legal Sciences, Associate Professor, Head of the Linguistic Center of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan; Astana c., Republic of Kazakhstan; e-mail: syzdyk@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8541-7790>; Scopus Author: 57191857471

Abstract. The article is devoted to the analysis of linguistic approaches of legal technology. Within the framework of linguistics, legal linguistics deals with legal technology. In Kazakh legal linguistics, there is only the experience of forensic examination. And in legal linguistics, the state language has not yet become an object.

In legal technology, there is an opinion that the text of the law has the form of a complex syntactic whole. The compilation of texts of laws in the official language coincides with the syntactic and stylistic figure of the period. Therefore, it is important to show the linguistic features of the period. The period is formed both as a simple sentence and as a complex sentence. The legal texts themselves are constructed in the form of a period.

The period is also used in all styles of the literary language. Among them, it is noted that in the official-business style, in legal texts, it is effective and very often used. The articles of the law themselves are in thematic places in the period, and its sections serve as narrators. This is reflected in the enumeration of sections, paragraphs, and the fact that the enumerated parts function as members of a single syntactic unit.

The kazakh equivalent of the period, its constituents protasis and apodosis have not been established yet.

A proposal has been made regarding the textual formatting of the period in legal texts: since parts of the protasis are written in combination with the apodosis, it becomes clear that they complicate perception and the overall pragmatics of the text, hindering, in particular, easy comprehension. Therefore, we believe that the second part of the protasis should be written on a new line, without inserting a paragraph after the listed apodosis. This would make it more noticeable and its perception faster and easier.

Keywords: law, legislation, legal technique, text, syntax, period, methods, techniques.

DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_2_271

Кіріспе

Қазақ заң ғылымында да, қазақ тіл білімінде де заң техникасын зерттеу тиісті деңгейге көтерілген жоқ. Қазақ тілінде заңгерлік лингвистикаға арналған іргелі еңбектер де кездеспейді. Сондықтан заң техникасының лингвистикалық мәселелерін біртіндеп болса да талдауға тартудың маңызы зор. Орыс ғылымында заң техникасы заң ғылымы мен тіл білімі түйісінде қаралып арнаулы пән болып қалыптасқанын байқауға болады. Осы орайда нормативтік-құқықтық актілер мәтінінің синтаксистік ерекшелігі мен мәтінтүзімдік логикасын қарастыруды мақсат еттік.

Құқықтық акт мәтінінің дұрыстығы – нақты мәтіндердің тілдік, стилистикалық, логикалық, құрылымдық және прагматикалық (мақсаттық) сипаттарын тиісінше қолданумен байланысты нормалардың жүйесі. Құқықтық акт мәтінінің дұрыстығы заң шығарушының заң мәтінінің негізгі үш құрамына қойылатын талаптарды сақтауы арқылы қамтамасыз етіледі: 1. тілдік құрамға қойылатын талаптар – тілдің лексикалық, морфологиялық және синтаксистік нормаларын сақтау; 2. логикалық құрамға қойылатын талаптар – формалды логика заңдарын пайдалану (теңдік, бейқайшылық, жеткілікті негіздеу және үшіншісін алып тастау заңдары); құрылымдық құрамға қойылатын талаптар – құқықтық акт мәтіні құрылымының элементтерін және осы құрылым бөліктерін пайдалану ережелерін сақтау [1, с. 20].

Заң лингвистикасында құқықтық акт мәтінінің дұрыстығы ретінде көрсетілетін осы екі талаптың біріншісі тілдің синтаксистік құрылысындағы период стильдік айшығын талдап сипаттарын ашуды міндеттейді. Ал екіншісі заңдық мәтінді түзуде

логика заңдылықтарын айқындау қажеттігін алға тартады.

Нормативтік акт мәтінінде күрделі синтаксистік бүтін ұғымына сәйкес келетіні – нормативтік актінің бабы немесе нормативтік құқықтық ұйғарымдар ассоциациясы. Кез келген бап орамды мәтін ретінде беріледі, синтаксистік талдау көрсеткендей, олар көбінесе коммуникативтік жағынан күшті сөйлем түрінде қалыптанады, тұжырылады. Мұндай сөйлемдердің құрылымының мәнісін контекстік шарттарынсыз-ақ түсінуге болады, сондықтан бұларды контекстен тәуелсіз деп санайды. Нақтылаушы нормативтік құқықтық ұйғарым көбінесе коммуникативтік жағынан әлсіз (контеске тәуелді) сөйлемдер болып келеді. Мұның өзі – синтаксистік күрделі бүтінді құрудың жалпы қисынына (логикасына) сай құбылыс.

Құқықтық актінің анағұрлым үлкен құрылымдық бөліктері (тармақтар, тараулар, бөлімдер), түгелдей бір заңдық құжат та орамды мәтін түрінде болады. Нәтижесінде әр түрлі көлемдегі және әр түрлі күрделі деңгейдегі, жиынтығында гипермәтінді, құқықты, түзетін күрделі жүйе қалыптасады [2, с. 158]. Заң техникасының ресейлік оқулығынан алынған бұл пайымдаулар қазақ тіліндегі заңдардың мәтіндеріндегі синтаксистік-стильдік айшық – периодты айқындап көрсетудің маңыздылығын ашады.

Әдістер мен материалдар

Әдістанулық бағдар ретінде Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 24-бабының 3-тармағында лингвистикаға тікелей қатысы бар талаптар көрсетілген: «Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң

техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.

Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды»² [3].

Мақала пәнаралық байланыс тұрғысынан жазылды: заң ғылымында – заң техникасының әдістемелері, тіл білімінде сипаттамалы әдістің амалдары пайдаланылды. Екі ғылымның түйісетін тұсы мәтінтану деңгейінде екені байқалды. Заң техникасының түсініктілік, мәтіннің дұрыстығы, нақтылығы сияқты талаптары ескерілді. Лингвистикалық сипаттамада синтаксистік құрылымды талдау, стилдік талдау әдістемелері қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде <https://adilet.zan.kz/kaz/> интернет-ресурсынан Қазақстан Республикасының заң мәтіндері пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Период

Мәтіндегі (заң мәтініндегі) период айшығының сипаты синтаксистік құрылыстағы бірыңғайлық заңдылықтарымен өзектес, сонымен бірге, бұл – үлгі тұтып жүрген орыс лингвистикасында ертеден-ақ орныққан санат (Орыс лингвистикасында мұның зерттелу тарихын М.В. Ломоносов кезеңінен бастайды). Солай бола тұра қазақ тілтанушыларының бірыңғай мүшелер, салаластық қатынас, жарыспалылық сияқты синтаксистік құбылыстарды, параллелизм сияқты стильдік құбылыстарды зерттеушілері «периодты» ескермейді.

Алайда қазақ тіліндегі периодты зерттеудің бастауында А. Байтұрсынұлы еңбектері тұрғаны айқын. Ол «Тіл-құралда» сөйлемдерді «құрылуынша» жіктеп, соның нәтижесінде «орамды немесе өрнекті сөйлемді» оның бір түріне жатқызады. «Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтып білдіретін орын да болады. Ойды ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын ай-

тқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайта-тын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деліп аталады» [3, 173 б.]. Мұнан соң назарға ұсынған мысалдары зерттеушілер «период» деп атап жүрген ұғымға сәйкес келеді.

Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы мұндай бірліктің стильдік құбылыс екенін де есте ұстаған. Оны «Әдебиет танытқышында» сөйлеу әуезділігінің факторы ретінде синтаксистік құрылыстан гөрі кеңірек қарастыра келіп, ондай сөйлемдерді «өрнекті сөйлемдер» деп атауды ұстанады. Өрнекті сөйлемдердің «өлеңдісі де, өлеңсізі де болатынын» ескерткен. Осыған байланысты, бір назар аударар жайт сол, Ахмет Байтұрсынұлының айтуынша, «өлең біткеннің бәрі әуезді сөйлеу тобына жататыны» [4, 179 б.]. Демек, біз қара сөздегі «өрнекті сөйлемдерді» қандай да бір тәсілмен айырықшалап көрсетуіміз керек.

Сонымен, ғұламаның «Әдебиет танытқышта» «өрнекті сөйлемдерге» берген сипаттамасына үңілейік. «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанмен өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайрылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады» [4, 179-180 б.].

Мұнан соң ғалым баяншы мүшенің тақырыпшы мүшеге қандай қызмет атқарып тұруына (мағыналық қатынастарға) қарай бұларды: себепті, мақсатты, ұқсатпалы, қайшы, шартты, жалғасыңқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы деп тоғыз топқа бөледі [4, 180-186 б.].

Академик Н.Т. Сауранбаев қазақтардың табиғи шешендігіне таң қалған В.В. Радловтың пікірін тілге тиек ете отырып, «Использование в речи ритмико-мелодических

² Құқықтық актілер туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРПЗ. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (жүзінген күні: 22.05. 2025).

средств придает ей... самое главное, целостность представлений, заключенных в простых предложениях в составе длинных периодов»...», – деп жазады [5, 204 б.]. Осының айғағы ретінде Қаз дауысты Қазыбектің қонтайшыға айтқан өрнекті сөйлемдерін келтіреді.

Бұл терминді «Тіл білімі сөздігінде» «кезең» деп аударыпты. Онда: «КЕЗЕҢ (грек. *periodos* – айналу) ағыл. *period*, фр. *period*, нем. *Periode* – экспрессивті синтаксистің композициялық-стилистикалық тұлғасы. Қатаң орналасу тәртібі, баяндауыштардың түрлік-мезгілдік тұлғаларының сәйкес келуі, қайталанушы лексика сияқты бөліктерімен параллель ритмикалық жүйелі, бірқалыпты құрылымды қамтиды. Кезеңге бірізді терең кідіріспен бастапқыда тонның бірте-бірте өсуі және тонның бәсеңдеуі тән. Осыған сәйкес кезең кіріспе бөлім – протазиске және қорытынды бөлім – аподазиске бөлінеді. ... Кезең ойды білдіруге толықтығымен, аяқталғандығымен, көркем әдебиетке және публицистикалық әдебиеттерде оның кеңінен қолданылуының негізгі себебі болып табылатын күрделі дәйектеменің жан-жақтылығымен ерекшеленеді» [6, 270 б.].

Демек, периодтың қазақ тіл білімінде мынадай сипаттары мәлім:

1. көлемі жағынан ұзақ болады;
2. құрамы жағынан тақырыпшы бөлікке және баяншы бөлікке бөлінеді (мұның біріншісін жалпы тіл білімінде – протазис, екіншісін аподазис деп атайды);
3. берілетін ой анағұрлым толық болады;
4. айтылғанда дауыс ырғағы (тон) дәуірлеп барып төмендей береді;
5. өзіне тән композициялық-стистикалық ерекшеліктері болады.

Орыс лингвистикасында «периодтың» сипаттары осы деңгейде айқындалған, белгіленген. Осыны негіздеу үшін бір-екі дәйек келтірген жөн:

«Период – многокомпонентное сложное предложение или очень распространенное простое предложение, отличающееся полнотой и завершенностью содержания.

По значению и интонационным признакам период обычно разбивается на два компонента: «повышение» и «понижение». Между этими частями при произнесении периода делается значительная пауза, на месте которой ставится тире, а если структурой предложения требуется запятая, то – запятая и тире. По структуре период может представлять собой многокомпонентное

сложноподчиненное, сложносочиненное, бессоюзное предложения, а также сложное предложение с разными видами связи. Период может иметь и форму простого предложения [7].

«Периоды, разнообразные по строению, в практике современной печати (с развитием присоединительных связей) чаще оформляются как грамматически самостоятельные предложения (между частями периода ставятся точки). Это, усиливая (актуализируя) отдельные компоненты периода, ослабляет смысловые связи между ними» [8, с. 240-241].

Көріп отырғанымыздай, орыс тілінде «период» деп аталған соң, қазақ тілін «жатсынып» жүрген синтаксистік-стилистикалық бірліктер бар екені өткен ғасырдың басында-ақ белгілі болған екен. А. Байтұрсынұлы мұны «шұбыртпалы сөйлем» деп атайды.

Қазақ тілінде период, негізінен, ресми стильде, соның ішінде нормативтік құқықтық актілер стилінде жиі қолданылады. № 1 мысал – ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 7-бабынан:

Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттардан және өзге де мәмілелерден, сондай-ақ азаматтық заңнамада көзделмегенімен, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мәмілелерден;

...

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтық-құқықтық салдарлардың басталуын байланыстыратын оқиғалар салдарынан пайда болады, өзгереді және тоқтатылады.

Бұл сөйлем – шұбыртпалы жай сөйлем. Тақырыпшы бөлік жүгін «Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер ... пайда болады, өзгереді және тоқтатылады» деген предикативті тіркес көтеріп тұр, қалған бөлік, яғни, баяншы бөлік пайда болу, өзгеру, тоқтатылудың себеп-салдарын жарыса белгілеп тұр, протазис пысықтауыштық функцияда тұр.

№ 2 мысал. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 2-тарауының 5-бабының 1-тармағынан алынған мына период та жай сөйлем түрінде берілген, тақырыпшы бөлік (протазис) бастауыштық қызметте, ал баяншы бөлік (аподазис) – бірыңғай баяндауыштар:

1. Әкімшілік рәсімдердің міндеттері:

жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру;

...

жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту;

біркелкі әкімшілік практиканы қалыптастыру болып табылады.

№ 3 мысал – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі 12-бабының 5-тармағынан:

5. Егер жұмыскерлер өкілдерінің пікірінде жұмыс беруші актісінің жобасына келісім болмаған не оны өзгерту жөнінде ұсыныстар болған жағдайда, жұмыс беруші:

1) келіскен жағдайда жұмыскерлер өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып өзгертілген акт шығарады;

2) келіспеген кезде жұмыскерлердің өкілдерімен қосымша консультациялар өткізуге құқылы.

№4 мысал. Осы Кодекстің 30-бабынан: Заңды тұлғаның атқарушы органының басшысымен жасалған еңбек шартының қолданылу мерзімі өткен жағдайда, егер тараптардың ешқайсысы еңбек шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей еңбек қатынастарын тоқтату туралы хабардар етпесе, егер заңды тұлға құрылтайшылары, мүлкінің меншік иесі не құрылтайшылар, меншік иесі уәкілеттік берген тұлға (орган) немесе заңды тұлғаның уәкілетті органы бекітетін құжаттарда ұзартудың өзге мерзімі айқындалмаған болса, еңбек шарты бір жылға ұзартылады.

Шұбыртпалы сөйлем құрмалас деңгейінде. Мұнда әуелі баяншы бөлік беріледі де, тақырыпшы бөлік қорытып тұрады, екі бөліктің арасында шарт семантикасы бар.

№ 5 мысал. Осы Кодекстің 52-бабы. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері

1. Жұмыскермен еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасы бойынша:

1) жұмыс беруші – заңды тұлға тартылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған;

...

20) жұмыскер жүктілігіне және босануға байланысты демалыста болған, сондай-ақ егер ауру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін еңбекке қабілетсіздіктің неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне енгізілген жағдайларды қоспағанда, жұмыскер еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам уақыт жұмысқа

шықпаған жағдайларда бұзылуы мүмкін.

Бұл мысалдың ерекшелігі – шұбыртпалылық сөйлемнен жоғары деңгейде, күрделі синтаксистік тұтастық, мәтін деңгейінде көрініп тұр. Бір бапты бір мәтін ретінде қарауға болады. Баяншы бөлік тақырыпшы бөліктегі «жағдайларда» сөз формасының санамаланған анықтауышы мағынасында берілген.

Тілдің прагматикалық-практикалық қажетін басты орынға қоятын болсақ, осы тәріздес оралымдар қалай пішімделетіні туралы тіл білімінде тоқтам болған жоқ, жарамандардың әрқайсы әр түрлі шешім қабылдап жүрген жай бар. Заң техникасында бұл мәселе шешімін тапқан сияқты. Заң техникасында тақырыпшы бөліктен (протазистен) соң қос нүкте (:) қойылып, онан соңғы санамаланатын баяншы бөлік (аподазис) тіркестерінің арасына бір бос жол жіберіліп, әрқайсы абзацтан басталып отырады, әрқайсының соңынан қажетіне қарай нүктелі үтір (;) қойылып отырады. Аподазистердің алдында реттік сан қойылуы мүмкін. Осы тұста бір ұсыныс жасағымыз келеді. Мысалы, тақырыпшы бөліктер № 1 мысалда «Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер ... пайда болады, өзгереді және тоқтатылады»; № 2 мысалда «Әкімшілік рәсімдердің міндеттері ... болып табылады»; № 5 мысалда «Жұмыскермен еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасы бойынша ... жағдайларда бұзылуы мүмкін». Осылардың екінші жартылары («... пайда болады, өзгереді және тоқтатылады; ... болып табылады; жағдайларда бұзылуы мүмкін») аподазиспен тіркестіре жазылатындықтан, айрықшаланбай тұрады да, жалпы мәтіннің қабылдануын, прагматикасын қиындататыны, нақты айтқанда, оңай түсінуге кедергі келтіретіні байқалады. Сол себепті біз протазисті тиянақтайтын екінші жартысын санамаланған аподазистен кейін абзац қоймай-ақ жаңа жолдан бастап жазған жөн деп санаймыз. Сонда ол айрықшалана еді, қабылдауы тез және жеңілрек болар еді.

Қорытынды

Заң мәтіндері заң техникасының талаптарына сай келуі керек. Заң техникасының негізгі талаптарының бірі – нақтылық пен түсініктілік. Мазмұнның нақтылығы мен түсініктілігіне лексиканың я терминдердің нақтылығы мен түсініктілігі арқылы ғана емес, мәтіннің синтаксистік құрылымы мен стильдік реңі арқылы да жетуге болады.

Заң мәтіндері мен оның бөліктері күрделі

синтаксистік бүтін ретінде көрінеді. Заң шығармашылығында осындай бүтін ретінде период синтаксистік-стильдік айшығы жиі қолданылады. Периодтың тақырыпшы бөлігінің (протазистің) мазмұны баяншы бөлік

(аподазис) арқылы толығып түсінікті болады. Аподазисте талаптар, шарттар, құбылыстар, межелер санамаланып көрсетіледі. Осы санамалау заң мәтінінің мазмұнын нақтылауға тікелей ықпал етеді.

Авторлардың қосқан үлесі

Мақала идеясы авторлар үшін ортақ және авторлар мақаланың әрбір құрылымдық бөлігіне бірдей үлес қосты.

ӘДЕБИЕТ

1. Жаркынбекова Ш.К., Нуртазина М.Б. и др. *Юридическая лингвистика. Тезисы лекций и практические задания: учебное пособие для бакалавров и магистрантов филологических и юридических специальностей вузов* – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. – 200 с.
2. Краснов Ю.К., Надвикова В.В., Шкатулла В.И. *Юридическая техника. Учебник.* // URL: [aj/https://expert.kursksu.ru/wp-content/uploads/2019/02/krasn.pdf](https://expert.kursksu.ru/wp-content/uploads/2019/02/krasn.pdf). – 220 с.
3. Байтұрсынұлы А. *Тіл-құрал*. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2009. – 372 б.
4. Байтұрсынұлы А. *Әдебиет танытқыш*. // А.Байтұрсынов. – Шығармалары – Алматы: Жазушы. – 1989. – Б. 137-297.
5. Сауранбаев Н.Т. *Қазақ тіл білімінің проблемалары. Таңдамалы*. - Алматы: Ғылым, 1982 (Қазақ және орыс тілдерінде). – 184 б.
6. *Тіл білімі сөздігі. Жалпы ред. басқарған* – проф. Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
7. Шапиро А.Б. *О периодической форме речи*. // *Русский язык в школе*. – 1951. – №1. – С. 27-32.
8. Бабайцева В.В. *Русский язык. Синтаксис и пунктуация*. – М.: Просвещение, 1979. – 269 с.

REFERENCES

1. Zharkynbekova Sh.K., Nurtazina M.B. i dr. *Juridicheskaya lingvistika. Tezisy lekcij i prakticheskie zadaniya: uchebnoe posobie dlya bakalavrov i magistrantov filologicheskikh i juridicheskikh specialnostei vuzov* – Astana: ENU im. L.N. Gumileva, 2019. – 200 s.
2. Krasnov Ju.K., Nadvikova V.V., Shkatulla V.I. *Juridicheskaya tehnika. Uchebnik.* // URL: [aj/https://expert.kursksu.ru/wp-content/uploads/2019/02/krasn.pdf](https://expert.kursksu.ru/wp-content/uploads/2019/02/krasn.pdf). – 220 s.
3. Baitursynuly A. *Til-kural*. – Almaty: «Sardar» baspa uii, 2009. – 372 b.
4. Baitursynuly A. *Adebiet tanytkysh*. // A. Baitursynov. – *Shygarmalary* – Almaty: Zhazushy. – 1989. – B. 137-297.
5. Sauranbaev N.T. *Kazak til biliminin problemalary. Tandamaly*. - Almaty: Gylym, 1982 (Kazak zhane orys tilderinde). – 184 b.
6. *Til bilimi sozdigi. Zhalpy red. baskargan* – prof. E.D. Suleimenova. – Almaty: Gylym, 1998. – 544 b.
7. Shapiro A.B. *O periodicheskoi forme rechi*. // *Russkij yazyk v shkole*. – 1951. – №1. – S. 27-32.
8. Babajceva V.V. *Russkij yazyk. Sintaksis i punktuaciya*. – M.: Prosveshhenie, 1979. – 269 s.